

«8D02205 – Археология және этнология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Ермекбаева Айнур Шокановнаның «Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	1.1 «Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы» атты диссертациялық зерттеу қазіргі мемлекеттік бағдарламаларға толық сай келеді. Сонымен бірге гуманитарлық ғылымдар саласындағы этнологияның өзекті проблемалары және мәдениет, өнер саласындағы пәнаралық зерттеулер бағыттарына байланысты ғылыми мәселелерді шешуге септігін тигізеді. 3) А.Ш. Ермекбаеваның ұсынылып отырған диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы, 23 наурыздағы №248 «Қазақстан Республикасы жоғарғы білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысының 3 тарауына сәйкес жоғарғы техникалық комиссияның 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың 10 басым бағытының бірі болып бекітілген «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сай келеді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	А.Ш. Ермекбаеваның диссертациялық зерттеуі отандық этнографиялық ғылым мен Қазақстан музейтануының теориялық-әдіснамалық негіздерін жетілдіруге және олардың әрі қарай дамуына айтарлықтай үлес қосады. Автор жаһандану үдерісі аясында Қазақстанның әлемдік экономикалық және мәдени кеңістікке интеграциялануымен байланысты мәдени сәйкестендіру,

			коммуникациялық жүйені кеңейту, бизнес пен туризмді дамыту мәселелерінің өзектілігін негіздейді. Сонымен қатар, тарихи деректердің ғылыми дәлдігі мен объективтілігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл міндеттер, ең алдымен, музейлер жүйесі, сондай-ақ ұлттық қорықтар мен резерваттар негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Зерттеуде Қазақстанның тарихи-мәдени мұра объектілерін әлемдік тарихи құндылықтар жүйесіне, соның ішінде ЮНЕСКО аясындағы халықаралық мәдени мұра нысандары қатарына жүйелі түрде енгізудің өзектілігі негізделеді. Осы тұрғыда Айнур Шоқановна Қазақстан Республикасындағы бірқатар музейлерді әлемдік музей кеңістігіне, атап айтқанда Лувр (Париж), Метрополитен музейі (Нью-Йорк), Мемлекеттік Эрмитаж (Санкт-Петербург), Британ музейі (Лондон), Корея Ұлттық музейі (Сеул) сынды әлемдік деңгейдегі музейлермен интеграциялау мәселесін ғылыми тұрғыдан талдайды. Ермекбаева Айнур өзінің зерттеу жұмысында Қазақстанның ұлттық және өңірлік музейлерінің қорларында сақталған бірегей тарихи жәдігерлерді, атап айтқанда этноартефактілерді алғаш рет ғылыми айналымға енгізді. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста музейтану ғылымындағы негізгі теориялық тұжырымдамаларға сүйене отырып, ғылыми және музейлік дереккөздерге кең ауқымды тарихнамалық талдау жасап, зерттеліп отырған тақырыптың маңыздылығын негіздеген. Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеу А.Ш. Ермекбаеваның тарапынан дербес түрде жоғары ғылыми деңгейде орындалып, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес кешенді талдау жүргізілген. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтарындағы өңірлік тарихи-өлкетану музейлерінің этнографиялық коллекцияларының қорлары, сондай-ақ музей-қорықтарының және өзге де ғылыми-мәдени мекемелердің материалдары жан-жақты қамтылған.

		3) байланыс жоқ.	бір-бірімен байланысқан әрі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Зерттеуші бірінші тарауда қазақ этнографиялық коллекцияларының қалыптасу тарихына назар аудара отырып, мәселенің тарихи аспектілерін жан-жақты қарастырған. Одан кейінгі екі тарауда дәстүрлі қазақ тұрғын үйі, ұлттық киім, халықтық қолданбалы өнер бұйымдары, қару-жарақ, музыкалық аспаптар және басқа да этнографиялық артефактілердің музей қорларындағы орны мен қалыптасу ерекшеліктері зерттеген. Қорытынды төртінші тарау диссертацияның дәлелді тұжырымдамалық негізін құрайды, мұнда Қазақстан музейлеріндегі бірегей әрі сирек кездесетін этноартефактілердің ғылыми маңызы мен құндылығы жан-жақты талданған. 4.4.1 Толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Ең алдымен, А.Ш. Ермакбаеваның диссертациялық зерттеу жұмысы соңғы уақытта жазылған Қазақстандағы этнография және музейтану саласындағы әдіснамалық тұрғыдан ерекше құнды ғылыми еңбектердің бірі екенін атап өткен жөн. Бұл зерттеудің жоғары ғылыми деңгейде орындалуы, ең алдымен, диссертанттың өзінің ғылыми кеңесшісі – Қазақстанның жетекші әдіснамашысы, танымал этнограф, Ленинград этнографиялық мектебінің өкілі Нұрсан Әлімбаймен тиімді ғылыми ынтымақтастық орнатуымен тікелей байланысты. Аталмыш ғылыми тандем музейлік коллекцияларды контекстуалдық талдау әдісімен және олардың тарихи-этнографиялық маңызын саралау негізінде кешенді зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу барысында этнографиялық заттардың типологиясын жүйелеудің жаңа әдістері қолданылып, олар алғаш рет әлемдік музейлік тәжірибемен өзара байланыста қарастырылды. Осы диссертациялық жұмыстың нәтижелері Қазақстан музейтану ғылымының дамуына елеулі үлес қосып, болашақта елдің басқа да музей қорларын зерттеу барысында өз жалғасын табады деп сенеміз. 4.5.1 Сыни талдау бар.

			Зерттеудің негізгі нысаны ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі, Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі сынды іргелі ірі музей мекемелердің этнографиялық қорлары болды. Себебі дәл осы музейлерде қазақ этнографиясының бірегей әрі құнды артефактілерінің мол қоры жинақталған. 3.1 Жоғары.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Қазақстан музейлерінің этнографиялық қоры бойынша зерттеулер жүргізу ұзақ уақыттан бері өзекті мәселелердің бірі. Өкінішке қарай, осы күнге дейін еліміздегі музей коллекцияларындағы барлық экспонаттарды толық каталогизациялау жұмыстары толыққанды аяқталған жоқ. Осыған байланысты ұсынылып отырған диссертанттың ғылыми зерттеу жұмысы Қазақстандағы музейтану саласының өзекті мәселелерін айқындап, қолда бар этноартефактілерді сақтау, оларды Қазақстан ішінде және шетелде ғылыми айналымға енгізу, сондай-ақ оларды жаһандық музейлік кеңістікке ықпалдастыру мәселелерін көтереді. Қазақстанның тәуелсіздік тарихында бұл диссертациялық зерттеу – этнографиялық коллекцияларды тарихи және этнографиялық дереккөз ретінде кешенді түрде қарастыратын алғашқы ғылыми еңбектердің біріне жатады. 4.1.1 Негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Ермекбаева Айнурдың ғылыми еңбегінің мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін толық ашып көрсетеді. Диссертация дәстүрлі құрылымға ие болып, кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, сондай-ақ негізгі ғылыми зерттеуге қосымша ретінде берілген иллюстрациялық материалдардан тұрады. Зерттеуші Қазақстан Республикасы музейлерінің этнографиялық коллекциясын зерделеу логикасын нақты сақтай отырып, алғашқы қазақ этнографиялық коллекциясының қалыптасу тарихы XIX ғасырдың 30-жылдары Орынбор қаласынан бастау алатындығын, XX ғасырдың басында

		Қазақстан астанасының Қызылордаға, кейін Алматыға көшірілуіне байланысты коллекцияның бөлу мәселесіне тоқталған. Автор музейдегі этноартефактілерді негізгі категорияларға бөліп, оларды кешенді зерттеудің тиімді әдісін қолданған: тұрғын үй, киім-кешек, ыдыс-аяқ, халықтық қолданбалы өнер бұйымдары, қару-жарақ, музыкалық аспаптар және т.б. Музейтанушы маман ретінде Ермекбаева Айнур Шокановна этнографиялық артефактілерді экспозициялау, әртүрлі деңгейдегі көрмелерді ұйымдастыру, экспонаттарды құжаттандыру, паспортизациялау және каталогизациялау сияқты күрделі мәселелерге арнайы тарау арнаған. Осылайша, диссертант Қазақстан Республикасындағы қазіргі музей ісінің өзекті мәселелерін барынша кең қамтып, оларды кешенді түрде талдауға ұмтылған. 4.2.1 Айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері таңдалған тақырыпқа толықтай сәйкес келеді. Яғни Қазақстандағы музейлік этнографиялық коллекциялар сипатталған, типологиясы айқындалған және ғылыми талдау жүргізілген. Зерттеуші, біздің ойымызша, дұрыс ғылыми бағдар ұстанған. Ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі мен Ұлттық музейінің қорларын зерттеуге басты назар аударған. Расымен, дәл осы музейлерде қазақ этнографиясының бірегей қоры қалыптасып, ғасырдан астам уақыт бойы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, бұл музейлер Қазақстандағы музейтану мектебінің қалыптасуына айтарлықтай үлкен үлес қосты және бұл аспектіні Айнур Шокановна өзінің ғылыми зерттеуінде орынды көрсеткен. 4.3.1 Сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан;	Айнур Шокановна Ермекбаеваның диссертациялық жұмысының барлық тараулар мен тұжырымдары өзара тығыз байланысып, ғылыми жұмыстың логикалық құрылымы бірізділікпен сақталған. Жекелеген тараулар мен тараушалар арасындағы мазмұны жағынан

5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелері мен пікірлері толығымен жаңа. Зерттеу барысында диссертант келесі жаңалықтарға қол жеткізген: 1. Қазақ халқының ең көне коллекциялар жинағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінде сақталған. 2. Қазақстанның солтүстігі, солтүстік-шығысы және шығыс аймақтарындағы музейлерінде қазақ мәдениетіне қатысты артефактілер сиректеу кездеседі. 3. Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі музейлер кілем бұйымдарының, ал батыс аймақтарындағы музейлер күміс зергерлік әшекейлерінің бай қорымен ерекшеленеді. 4. Алматы және Астана қалаларындағы ірі музейлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы барлық музейлер экспозициялық материалдарды сақтау және реставрациялау бойынша халықаралық музейлік стандарттарға сәйкес келмейді. 5. Өкінішке орай, Қазақстанның 30 жылдан астам тәуелсіздігі елдегі этнографиялық материалдарды жинақтау үдерісіне серпін бермеді, музей қорларын толықтыруға бағытталған бірде-бір ауқымды экспедиция ұйымдастырылған жоқ. 6. Бүгінгі күнге дейін Қазақстан халқы арасында да, жаһандық мәдени кеңістікте де музейлік-ағартушылық жұмыс әлсіз деңгейде қалып отыр. Ел тұрғындарының музейлерге бару көрсеткіші өте төмен. 7. Автор музей ісі мамандарының, реставраторлардың және басқа да салалық мамандардың жетіспеушілігін орынды атап өткен. 5.1.1 Толығымен жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Зерттеуші Қазақстан Республикасындағы музейлердің басым бөлігін талдай отырып, еліміздің қазіргі музейлік жүйесінің даму деңгейінен біршама озық, әрі құзыретті жаңа тұжырымдар мен қорытындылар жасайды. Шын мәнінде, Қазақстан музейлері, әсіресе өңірлік музейлер, әлемдік музей мәдениетінің заманауи талаптарына сай даму қарқыны жағынан артта қалып отыр. Зерттеуші мемлекеттік саясаттың қазіргі таңда этнографиялық құндылықтарды сақтау мен

			жинақтау үдерісін жүйелі түрде қолдауы қажеттігін орынды атап өтеді. Себебі республика аумағында халық арасында сақталған бірегей қазақ этноартефактілерді жинақтау мен ғылыми айналымға енгізу мәселесі өзектілігін жоймағанымен, бұл бағытта айтарлықтай прогресс байқалмайды. Сонымен қатар, соңғы жылдары жеке коллекциялар мен жекеменшік музейлердің санының артуы, соның ішінде И.Тасмағамбетовтің зергерлік бұйымдар коллекциясы, Almaty Museum of Arts, жекеменшік Ұйғыр мәдениеті музейі және басқа да бастамалар, сондай-ақ антикварлық дүкендер желісінің кеңеюі музей қорларын толықтыру үдерісіне ықтимал қауіп төндіруде. Осыған байланысты мемлекеттік деңгейде жүйелі мәдени саясат әзірленіп, музей ісін дамытуға бағытталған кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс. 5.2.1 Толығымен жаңа.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыс «8D02205 – Археология және этнология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленген және техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін талқылауды талап етпейді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	А.Ш. Ермакбаеваның диссертациялық жұмысында барлық негізгі қорытындалары ғылыми тұрғыдан сенімді, біршама жағдайда музей қорлары мен экспозициясындағы материалдармен, дәлелдемелерге негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді;	Диссертациялық жұмыста А.Ш. Ермакбаева зерттеудің ғылыми әлеуеті мен құндылығын айқындайтын жеті негізгі тұжырымды қорғауға ұсынады. 1-қағидат. Орынбор қаласында алғашқы музейлердің қалыптасу тарихы кездейсоқ құбылыс емес, өйткені бұл аймақ қазақ көшпенділерінің байырғы жері және XX ғасырдың басында Қазақ мемлекеттілігінің алғашқы астанасы болған. Ең алғашқы

	5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	этнографиялық коллекциялар Орынбор музейінде жинақтала бастаған. А.Ш. Ермакбаева архивтік деректер мен музейлік коллекциялардың паспорттық мәліметтерін жан-жақты талдай отырып, Қазақстанның Орталық музейінің тарихындағы «Орынбор кезеңі» (1929 жылға дейін) және «Алматы кезеңі» деп алғаш рет жеке қарастырады. Бұл автордың ғылыми айналымға енгізген тың тұжырымдарының бірі. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. 2-қағидат. Алғашқы музейлік коллекцияларды талдау нәтижесінде олардың қалыптасу үдерісіне Ресей империясының жоғары дәрежелі ағартушы шенеуніктері белсенді қатысқандығы анықталды. Олардың қатарында генерал-губернаторлар, әскери офицерлер, ғалымдар және басқа да лауазымды тұлғалар болған. Осы үрдіспен қатар, қазақ этнографиялық коллекцияларының жинақталуына жергілікті басқарушы элита – төре әулетінің өкілдері, болыстық және уездік билік басшылары, старшындар және басқа да дәстүрлі басқару жүйесінің қызметкерлері айтарлықтай үлес қосты. А.Ш. Ермакбаева қазақ этнографиялық коллекцияларының қалыптасуындағы осы екі негізгі топтың рөлін кешенді түрде зерттей отырып, олардың музей заттарын жинақтау және оларды бүкілресейлік және халықаралық көрмелерге шығару ісіне қосқан үлесін жан-жақты қарастырады. Сонымен қатар, автор бұл үдерісте Ресей Географиялық қоғамының басшылығымен ұйымдастырылған ғылыми экспедициялардың қызметін де терең талдаған. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә.
--	---	---

			3-қағидат. Бұл жерде автор алғашқы этнографиялық коллекцияларға қатысты құжаттарды талдау негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінің тарихын зерттеуге ерекше назар аударған. Аталған мекеме сол кезеңнен бастап-ақ ғылыми институт ретінде қалыптасып, Қазақстандағы музейтану ғылымының дамуына бағыт-бағдар беруші орталыққа айналған. Автордың тұжырымынша, Орталық музей республикадағы басқа музейлердің, әсіресе өңірлік тарихи-өлкетану музейлерінің құрылуы мен жетілуіне айтарлықтай ықпал еткен. Әсіресе, ұйымдастырушылық тұрғыдан оның тәжірибесі мен құжаттық базасы үлгі ретінде қабылданып, өңірлік музейлердің құқықтық және әкімшілік негіздерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарған. Осылайша, Орталық музей тек ғылыми-зерттеу орталығы ғана емес, сонымен қатар Қазақстан музейлік кеңістігінің ұйымдық-құрылымдық негіздерін айқындаған институт ретінде қарастырылады. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. 4-қағидат. Диссертант Қазақстан Республикасындағы музейлердің басым бөлігін жан-жақты зерттей отырып, олардың қазақ этноартефактілермен қамтылу деңгейін кешенді түрде талдаған. Бұл зерттеу оған қарастырылып отырған мәселе бойынша өзіндік ғылыми тұжырымдарын қалыптастыруға және музей ісінің өзекті мәселелерін айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кез келген этноартефактілердің музей қорында сақталуы оның ғылыми құндылығы мен мәдени-тарихи маңызын толық айқындай алмайды. Музей қорындағы этноартефактілердің шынайы ғылыми әлеуеті тек терең зерттеу жүргізіліп, ғылыми айналымға енгізілген жағдайда ғана ашылады. Осы тұрғыдан алғанда, Айнур Шоқановна музей қорында жинақталған
--	--	--	--

			этноартефактілер мен олардың ғылыми өңделуінің маңыздылығына назар аударады. Сонымен қатар, зерттеуші қазіргі музейлердің техникалық жабдықталу мен ұйымдастырушылық жағдайына, сондай-ақ этноартефактілердің, әсіресе органикалық материалдардан жасалған бұйымдардың сақталуына қатысты проблемаларды талдайды. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. 5-қағидат. Музейдегі тарихи құндылықтар, соның ішінде этнографиялық артефактілер, басқа да музейлік мәнді бұйымдар сияқты, бір жағынан, сақтаудың және дәріптеудің нысаны әрі көрнекі «құралы» ретінде, екінші жағынан, музейлік деректану, әрісі этнология ғылымының деректік базасы, тарихи және тарихи-этнографиялық деректер корпусының нақтылық пен көрнекілік жағынан айырықша категориясы ретінде де үлкен рөл атқарады. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. 6-қағидат. А.Ш. Ермакбаева этнографиялық артефактілерге, яғни әлемдік мәдени мұра ретінде дұрыс көңіл бөлінбейтіндігін ерекше атап өтеді. Көп жағдайда музейлік коллекциялар тек экспозициялық нысан ретінде қабылданып, олардың ғылыми және өркениеттік маңыздылығы тиісті деңгейде бағаланбайды. Қазіргі әлеуметтік және мәдени антропологияның озық тәжірибелеріне сүйене отырып, зерттеуші музей саясатын қайта қарастыру қажеттігін негіздейді. Атап айтқанда, музейлік коллекцияларды әлемдік ғылыми айналымға енгізу, олардың өркениеттік кеңістіктегі ғылыми
--	--	--	---

			маңызын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу қажеттілігі атап көрсетіледі. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. 7-қағидат. Диссертант Айнур Ермекбаева қазіргі кезеңде бүкіл әлем жаһандану үрдісіне ұшырауына байланысты ұлттық құндылықтардың әлеуеті әлсіреп жатқандығы, осы жайтқа байланысты ұлттық сананы, сол арқылы ұлттық болмысты сақтаудың ең ұтымды жолдарының бірі де, бірегейі музейлік құндылықтарды зерттеудің қажеттілігі өз алдына, оларды ең алдымен, көпшілік арасында, әсіресе, өскелең ұрпақтарға дәріптеудің еліміздегі мәдени жұмыстың іргелі бағытына айналу қажеттілігін ғылыми негіздейді. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. Зерттеу тақырыбы бойынша 2019 жылдан бері 10 ғылыми мақала жарияланған.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың маңызды артықшылықтарының бірі – оның әдіснамалық негізінің тереңдігі мен жан-жақтылығы. Автор, ең алдымен, тәжірибелі музейтанушы ретінде музей ісінің барлық функционалдық аспектілерін терең меңгерген. Ол музей бұйымдарын қабылдау, тіркеу, олардың ғылыми паспортизациясын жүргізу, сақтау, көрме, реставрация және консервация сияқты күрделі процестерді кәсіби деңгейде игерген. Сонымен қатар, диссертация зерттеу аясында А.Ш. Ермекбаева музейтанудың теориялық және практикалық қырларын қамтитын кең ауқымды

			ғылыми-әдістемелік аппаратты жетік меңгерген. 8.1.1 Иә.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нысаны ретінде Қазақстан музейлерінің бірегей және қайталанбас этнографиялық коллекциялары құрағандықтан, қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды, соның ішінде ChatGPT сияқты жасанды интеллект құралдарын тікелей қолдану мүмкін емес. 8.2.2 Жоқ.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.	А.Ш. Ермакбаева жүргізген ғылыми зерттеу практикалық тұжырымдармен қатар, маңызды теориялық қорытындыларды да қамтиды. Солардың ішінде ең бастысы – музейлік этнографиялық коллекциялар арқылы қазақ мәдениетіне деген қызығушылықтың уақыт өте келе арта түсетіндігі туралы тұжырым. Себебі жаһандану үдерістеріне қарсылық таныту тәжірибесі көрсеткендей, бұл сын-қатерлерге тек мәдениеті, білімі және руханияты жоғары деңгейде дамыған этностар ғана төтеп бере алады. Айнур Шокановнаның зерттеу нәтижелері, сөзсіз, осы үдерісте маңызды рөл атқарып, өз үлесін қосады. 8.3.1 Иә.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	А.Ш. Ермакбаева өз диссертациялық жұмысында барлық тұжырымдары мен қорытындыларын тарихи және этнографиялық дереккөздермен жүйелі түрде дәлелдеп, зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасаған. Ол ғылыми сөздіктерге, арнайы энциклопедияларға (мысалы, Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2017. Т.1-5), каталогтарға, жетекші мамандардың ғылыми монографиялары мен мақалаларына сүйене отырып жазған. 8.4. Расталған.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған ғылыми әдебиеттер мен дереккөздердің тізімі 249 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Бұл пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертация тақырыбы мен сұраныстарына сәйкес келеді. Ерекше атап өтерлік жайт – автор музейтану саласындағы арнайы әдебиеттерді, соның ішінде музей ісіне қатысты каталогтарды, әдістемелік нұсқаулықтарды және басқа да дереккөздерді ғылыми айналымға енгізгені қуантады. 8.5. Жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу, сөзсіз, теориялық маңызға ие. Қазіргі жаһандық үрдістер ұлттық мемлекеттердің рөлін қайтадан алдыңғы қатарға шығарып отырғандықтан, диссертант көтерген мәселелер алдағы уақытта өзектілігін одан әрі арттыра түседі. Бұл тақырыптың маңыздылығы оның пәнаралық сипаты арқылы да айқындалады. Ұлттық мәдени мұраны сақтау, музей ісін дамыту және этнографиялық артефактілерді ғылыми айналымға енгізу мәселелері жақын болашақта тарихшылар, мәдениеттанушылар, саясаттанушылар және басқа да мамандар тарапынан кеңінен талқыланатын өзекті зерттеу нысанына айналатыны еш күмән тудырмайды. 9.1.1 Маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы зор, өйткені зерттеу барысында алынған нәтижелер мен тұжырымдар Қазақстан Республикасының өңірлік және ведомстволық музейлеріндегі этнографиялық коллекцияларды жүйелі ғылыми зерттеудің негізін қалауға мүмкіндік береді. 9.2.1 Иә.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады және заманауи ғылыми зерттеу әдістемесіне негізделген. Олар тек жергілікті этнографиялық материалға бейімдеуді қажет етеді. Диссертация нәтижелері этнографтар, музейтанушылар, қор сақтаушылар, реставраторлар және басқа да музей саласындағы

			мамандарды даярлау үдерісінде тиімді пайдалануға толықтай мүмкіндік береді. 9.3.1 Толығымен жаңа.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Зерттеу жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Автор ғылыми ойларын қисынды әрі жүйелі түрде жеткізіп, зерттеу нәтижелерін нақты тұжырымдайды. Диссертация мазмұны көркем әрі сауатты қазақ ғылыми тілінде баяндалып, ғылыми орта мен кәсіби мамандарға бағытталған. Мәтінде грамматикалық және стилистикалық қателер кездеспейді, барлық редакциялық талаптар қатаң сақталған: тыныс белгілерінің, тырнақшалардың, сызықшалар мен дефистердің дұрыс қойылуы мұқият тексерілген. Жалпы алғанда, зерттеу жұмысы жоғары сапалы ғылыми редакциялаудан өткендігі айқын аңғарылады. 10.1. Жоғары
11	Диссертацияға ескертулер		А.Ш. Ермекбаеваның диссертациялық жұмысына қатысты елеулі сын-пікірлер жоқ, зерттеу жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Алайда, болашақтағы зерттеулер үшін ұсыныс ретінде диссертацияда қарастырылған этнографиялық экспонаттар құрамына сүйек, мүйіз және тас материалдарынан жасалған қазақ бұйымдарын енгізу мүмкіндігін қарастыру орынды болар еді. Бұл артефактілер С.Е. Әжіғали, Р.А. Бекназаров, С. Бекешов және басқа да этнограф-ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми		Ғылыми нәтижелерге қол жеткізуде ізденуші зерттеуде қозғалған мәселелер бойынша 2019 жылдан бері зерттеулер жүргізіп келген. Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері бірнеше конференция материалдары мен жинақтарда жариялаған. ҚазҰУ-дің докторантура курсына оқуға түскен соң жинақтаған тәжірибесі бойынша 1 мақала Scopus ғылыми-метриялық деректер базасына енгізілген басылымда, 3 мақала ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған.

	рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Ермекбаева Айнур Шокановнаның «Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы» тақырыбындағы дайындалған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан, «8D02205 – Археология және этнология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
Ғылым және инновациялар жөніндегі
проректор, т.ғ.д., доцент

